

Ордабайдың Тәукебайы

Биыл алаш арысы Міржақыптың 140 жылдығы. Осы уақытқа дейін Міржақып жайлы аз жазылған жоқ, аз айтылған жоқ. Дегенмен айтылған сөз, жазылған баянның басым көпшілігі оның ақындығы мен алаш қайраткері ретінде атқарған қызметін қамтиды. Тек Гүлнар Міржақыпқызы өз естеліктерінде әкесінің бала кезіндегі, жас күніндегі басынан кешкен кейбір оқиғаларды жұртшылыққа мәлім еткен.

Сондай қызықты оқиғалардың бірі Гүлнар Міржақыпқызының «Шындық пырағы» атты кітабында жарияланған. Онда өздерінің туысы Жұмабайдың Бәйекесінен естіген бір әңгімені «Балқын әженің шешімі» деп жазып қалдырыпты. «Онда Жақаң ауылда мұғалім болып жүрген шағы», – деп өткенді еске алады. Бәкең – бойдақ көрінеді. Оқта-текте ауылға соғып, сағыныш шерін басып кетіп жүреді. Дәулеті барлардың «он үште отау иесі» деп балаларын ерте үйлендіру қазақтың қашанғы салты. Жасы жеткен балаларына бесігінде атастырған қалыңдықтарын ертемен-ақ алып беріп жатады. Қайсыбір кісілер әйелінің бала көтермегендігін сылтауратып, екінші рет те үйленегіндер болған. Ордабайдың Тәукебайы Міржақыппен түйедей құрдас көрінеді. Тәукебайдың бір басында үш әйелі болыпты. Үлкені – Әуесқой, екіншісі – Ұлқай, үшіншісі – Қалиса екен. Әр әйелінің отауы да, қонысы да бөлек көрінеді. Ордабайдың бәйбішесі Балқын әжемиз ел ішінде беделді, бірбеткей, адуынды адам болыпты. Бай дәулеттің бәйбішесі барынша жомарт та жан көрінеді.

– Ордабай – Тәукебай). Ел ішінде мырзалығымен танылған кісі. Оған қатысты кейбір әңгімелер ел аузында әлі күнге дейін жүр. Соның бірнешеуі мынадай: Тәукебай жас күнінен қайраты мол, қажырлы, балуан білекті жігіт болып өседі. Нағашысы қырықмылтық Баймұрат деген бай екен. Баймұраттың жүйрік арғымақ аты бар екен. Онысын ұры-қары алып кетпесін деп сақтықпен қырық құлаш белетенің ішінде ұстайды. Аяғына тұсау салып қояды. Байдың жалшылары бір күні таң ертемен келіп, Баймұратқа арғымақ атының алынғанын айтыпты. Баймұрат ойланып отырып: «Ол атты енді іздемей-ақ қойындар, темір кісенді үзіп, қырық құлаш қамаудан алып кету тек қаңа Тәукебайдың қолынан келеді», – депті жие-енін есіне алып.

Тәукебай осыншама қайраттың иесі болса да білек сыбанып, балғыр түрініп топқа түсіп көрмеген жан екен. Онысын өзі өлер шағында бақұлдасып келген еліне де айтып қалдырған. Ел аузындағы әңгімелерде ауырып, хал үстінде жатқан Тәукебай жиылып келгендерге: «Тағдырдың жазғанына амал

Мырза атыма лайық іс емес деп, Өнер қумай арманмен өткен екен...

Тәукебай Міржақыппен құрдас болып, отыз жеті жасында өмірден өткен дегенді ескерсек 1885 жылы туып, 1922 жылы дүние салған болып шығады. 1921-1922 жылғы қыс маусымының қатты болуы, жаздың жауынсыз өтуі торғай өңірінде, оның ішінде Шұбалаң, Майқарау, Сарықопа болыстарындағы жұртшылыққа үлкен зардап әкелгенін ескерсек, Тәукебай асының Қызбелдегі ең соңғы үлкен ас болып өтуінің себебі де білінеді. Үш жүз үй тігіп ас өткізу үшін елдің тоқшылығы, дәулеттің молшылығы керек-ақ. 1922 жылы торғай өңірінде ондай молшылық болған емес. Керісінше елдің ашаршылыққа ұшырап, Семейден Жүсіпбек бастаған зиялылардың көмек әкеліп, оның соңы атақты «Торғай ісі» сот процесіне айналатын жылдар бұл. Соған қарағанда Тәукебай Ордабайұлы отыз алтыдан отыз жетіге қарайтын шағында 1921 жылы өмірден өткен болар деп ойлаймыз.

Қызбелде Саға ауылына кіре берісте жол шетінде қалатын қалың қорым қазір Тәукебай тамы деп аталады. Тәукебайдың ағаштан қиып салған кесенесі де осында орналасқан. Біздің бұған тоқталып отырған себебіміз, бұл өзі торғай топырағында көп кездесе бермейтін, құрылысын ағаштан тұрғызған сәулет үлгісі. Кесененің іргетасы болғанымен, одан

Балқын әже Міржақыпты өз баласынан кем көрмей еркелетіп, жақсы күтеді екен. Үйленбей бойдақ жүргенін бетіне салық қылып, кездескен сайын айтып отырады екен.

Бірде Балқын әжесіне сәлем беруге өзенкүзекте отырған ауылға Міржақып келіпті. Қуана қарсы алған бәйбіше оның әлі де салт әр үйде жүргеніне ренжіп: «Әй, Міржақып, сен салт басың қаңғырып текке жүре берме. Анау Тәукебайдың Қалисасының отауында бол. Үй бар, мал жетеді. Өзіңе басқа не керек ал...», – деген екен.

Адуынды ана баласы Тәукебайдың көңіліне келе ме, келмей ме деп ойланбастан осындай ұсыныс жасапты. Шамасы Міржақыпты жақсы көрген көңілінен болар. Жақаң ол үйде қонды ма, қонбады ма, ол жағы сөз емес. Әңгіме балаң жігіт Жақаңа деген ел ықыласында жатыр-ау.

«Сонымен, Гүлнар шырақ, сенің Қалиса деген шешен болған», – деп Бәкең сүйкімді жымышп, күліп қойды.

Бұл – елден әкем туралы естіген алғашқы әңгімелердің бірі ғана, жалғасы әлі де болар деген үміттемін [Г. М. Дулатова, «Шындық шырағы», 399 бетте].

Гүлнар Міржақыпқызының әңгімесіндегі Тәукебайға қатысты әңгімелер ел ішінде әлі күнге дейін айтылады. Тәукебай да арғынның мадияр руынан тарайды (Мадияр – Ақбай – Избасар – Айдар – Мұса – Айтбай – Бекбай

бар ма, қанша мырза, қанша бай десе де менің де ішімде үш арманым кетіп барады. Біріншісі – бармағымнан бал тамған күйші едім, домбыра тартып, әуейі болды деп айтар деп лайықсыз көрдім. Екіншісі – табаным жарылған балуан едім, пәленше алысып-жулысып жатыр дегенді естуді намыс санадым. Ал, үшіншісін өздерің білесіңдер ғой», – депті деседі. Сол жиынның ішіндегі жеңіл мінезділеу біреуі «біз сенің неңді білеміз, арманыңды айтып кет», – дегенде: «артымда ұрпақ қалмай барады ғой», – деп бір перзентке зар болып жүргені көкірегін жарып шығар өксік болып өкініштен «аһ» ұрған екен. Ауқымға беделді азаматтың өмірден өткеніне арнап артындағы елі ас беріп, үш жүз үй тігіп, үш жүз ат бәйгегеге шауыпты. Тәукебай асы Қызбелде өткен соңғы үлкен ас деседі.

Бұл жайды Қызбел топырағынан шыққан тамаша талантты ақындардың бірі Сәрінжіп Дайырұлы «Атамекен ауылым» атты өлеңінде былай деп жырлаған.

...Тәу етсең тәукебай тұр одан әрі,
Болыпты ел егесі қара нары.
Отыз жеті жасында опат болып,
Қалмапты артында ұрпақ балалары.

Ән шырқап, күмбір күйді шерткен екен,
Балуан батыр баба сертке бекем.
Өнерді Алла берген бағаламай,
Болжаусыз тағдырына өкпелі екен.

іргетасы болғанымен, одан жоғарғы жағын ағаштан қиып салып, бөренелермен өріп әкеткен. Бөренелер тоғыз қатар салынған. Соңғы оныншы қатардағы бөренелер жерге құлап түскенімен кесененің іргесінде жатыр. Оларда төбе жабындысының іздері сақталған. Соған қарағанда Тәукебайдың ағаш тамы әуелі баста төбесі жабық құрылыс болса керек. Жалпы көлемі – 8,69 x 6,63 м. Құрылыстың батыс қабырғасында арап қарпімен жазылған құлыптас та сақталған. Торғай топырағында біз білетін сәулет өнерінің үлгілерінің ішінде ағаштан қиып салынғаны сирек кездеседі. Олардың қатарында Жанбосынның ағаш тамы, Есжанның ағаш үйі, Торғайдағы Өмірзақ Қоңырша шебер салған имелі ағаш көпір бар. Бұлардың ішінде сақталып жеткені Тәукебай мен Жанбосынның ағаш тамдары ғана. Кесенені ағаштан қиып салу дәстүрі әдетте алтай мен жетісу өңіріне тән дәстүр. Сондықтан Тәукебайдың ағаш тамы торғай өңірінде сирек кездесетін үлгідегі сәулет өнерінің ескерткіші ретінде қорғауға алынуы керек-ақ.

Гүлнар Міржақыпқызының жазбасындағы Ордабайдың Тәукебайы жайлы біздің естіп-білген әңгімелеріміз міне осындай...

Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі